

Біліктіліктерін арттырды

“Барлығына қолжетімді сапалы білім” Ұлттық баяндамасының өңірлік Жол картасын іске асыру аясында әдістемелік орталық базасында “Өнер және мәдениет саласы білім беру ұйымдары педагогының кәсіби құзіреттілігін дамыту” тақырыбы бойынша онлайн форматта біліктілікті арттырудың 72 сағаттық курсы аяқталды.

Бұл оқу курсында өңіріміз бойынша қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің өнер және мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарының 50 оқытушысы мен концертмейстері кәсіби біліктілігін арттырды. Курстық дайындық аясында тыңдаушылар педагогикалық рефлексия, талдау, жоспарлау және бағалау, сондай-ақ заманауи талаптарды ескере отырып, жұмысты ұйымдастыру дағдыларын жетілдірді.

**Алина СОВЕТОВА,
М.Қозыбаев атындағы
СҚУ-дың студенті.**